**Еркін қойма кедендік рәсімінің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 382 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16679 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 292-бабы 3 және 12-тармақтарына, 293-бабының 5-тармағына, 294-бабының 3 және 6-тармақтарына, 295-бабының 2-тармағына, 296-бабының 7, 8 және 10-тармақтарына және 516-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында құрылған еркін қоймада орналастыру үшін, еркін қойма кедендік рәсіміне міндетті түрде орналастыруға жататын Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының жекелеген санатының тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Оларға қатысты Қазақстан Республикасы аумағында еркін қойма кедендік рәсімі қолданылмайтын шетелдік тауарлардың және ( немесе) шетелдік тауарлар санатының тізбесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанты болып табылатын, иесі заңды тұлға болып табылатын бірнеше еркін қойманың аумағында болуы және орналасуы мүмкін, осындай тауарларды және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды осындай қоймалар арасында өткізу жағдайлары, сондай-ақ осындай жағдайларда кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты кедендік бақылау жүргізу ерекшеліктері;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Тауарларды сақтау бойынша операцияларды, тиеу (түсіру) бойынша операцияларды және сақтауға байланысты өзге де жүк операцияларын, тауарларды сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларды, сондай-ақ партияларға бөлуді, жөнелтуді қалыптастыруды, сұрыптауды, орауды, қайта орауды, таңбалауды қоса, тауарларды тасымалдауға (тасуға) және сатуға дайындау бойынша әдеттегі операцияларды, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды орындау мақсатында оларға жабдықтардың, машиналардың және агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің қолдану (

пайдалану) еркін қойма иелерінен өзге тұлғалардың тауар сапасын жақсарту бойынша операцияларды, және еркін қойманың жұмыс істеуі мен пайдаланумен байланысты де басқа операцияларды жасау қағидалары мен шарттары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарымен еркін қойма аумағынан еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды әкетуге рұқсат беру қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою актісінің нысаны;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды авариялар немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жою және ( немесе) қайтарымсыз жоғалу немесе тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалу фактісін мемлекеттік кірістер органдарымен тану, және осындай жағдайда еркін қойма кедендік рәсімін қолдануын аяқтау қағидалары;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Еркін қойма аумағында қолданылатын жабдықтарды, машиналар мен агрегаттарды ұстау және пайдалану өндірістік процесін қамтамасыз ету тауарларды дайындау (алу) процесінде қайтарымсыз жоғалған, тауарларды дайындауға (алуға) қатысатын немесе жәрдем ететін еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды (өндірістік шығын) толық немесе ішінара шығындау (пайдалану), сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерін салу мақсатында еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қағидалары;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған және пайдалануға енгізілген және еркін қойма иелері қолданатын жабдықтар болып табылатын тауарларға немесе еркін қойма аумағында жылжымайтын объектілерді құру үшін еркін қойма иелері қолданған және осындай жылжымайтын объектілердің құрамдас бөлігі болып табылатын тауарларға қатысты, еркін қойма жұмыс істеуін тоқтатқан кезде кедендік рәсіммен осындай тауарларды орналастырмай, еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қағидалары;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Еркін қойма иесі таратылған кезде еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қағидалары;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Еркін қойма аумағында, осындай аумаққа тұлғалардың кіру тәртібін анықтауды қоса, өткізу-бақылау режимін қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірсін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Қаржы министрі* — *Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасы аумағында құрылған еркін қоймада орналастыру үшін, еркін қойма кедендік рәсіміне міндетті түрде орналастыруға жататын Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының жекелеген санатының тізбесі

Қазақстан Республикасы аумағында құрылған еркін қоймада орналастыру үшін, еркін қойма кедендік рәсіміне міндетті түрде орналастыруға жататын Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының жекелеген санатына тіршілік етуге қауіп немесе қатер төндіретін:

1) қызметтік және азаматтық қару, оның негізгі (құрамдас) бөліктері мен олардың патрондары (ЕАЭО СЭҚ ТН 9303-9305 коды);

2) жарылғыш заттар (ЕАЭО СЭҚ ТН 9303-9305 коды) тауарлары жатады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
2-қосымша

## Оларға қатысты Қазақстан Республикасы аумағында еркін қойма кедендік рәсімі қолданылмайтын шетелдік тауарлардың және (немесе) шетелдік тауарлар санатының тізбесі

Қазақстан Республикасы аумағында еркін қойма кедендік рәсіміне орналастыруға жатпайтын шетелдік тауарларға және (немесе) шетелдік тауарлар санатына:

1) жедел медициналық көмек көрсету кезінде қажетті, медициналық мақсаттағы тауарлар;

2) төтенше оқиғаларды жою кезінде үшін тауарлар;

3) авария-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін қажетті тауарлар;

4) құқықтық тәртіпті жүзеге асыру үшін қажетті тауарлар жатады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
3-қосымша

## Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанты болып табылатын, иесі заңды тұлға болып табылатын бірнеше еркін қойманың аумағында болуы және орналасуы мүмкін, осындай тауарларды және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған ) тауарларды осындай қоймалар арасында өткізу жағдайлары, сондай-ақ осындай жағдайларда кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты кедендік бақылау жүргізу ерекшеліктері

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанты болып табылатын, иесі заңды тұлға болып табылатын бірнеше еркін қойманың аумағында болуы және орналасуы мүмкін, осындай тауарларды және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды осындай қоймалар арасында өткізу жағдайлары, сондай-ақ осындай жағдайларда кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты кедендік бақылау жүргізу ерекшеліктері (бұдан әрі – Ерекшеліктер) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің ( бұдан әрі – Кодекс) 293-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленген және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанты болып табылатын, иесі заңды тұлға болып табылатын бірнеше

еркін қойманың аумағында болуы және орналасуы мүмкін, осындай тауарларды және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды осындай қоймалар арасында өткізу жағдайлары, сондай-ақ осындай жағдайларда кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты кедендік бақылау жүргізу ерекшеліктерін айқындайды.

## 2-тарау. Бірнеше еркін қойманың аумағында болуы және орналасуы мүмкін тауарларды, еркін қойма кедендік рәсіміне орналастыру жағдайларындакедендік операцияларды жасау ерекшеліктері


## 2-тарау. Бірнеше еркін қойманың аумағында болуы және орналасуы мүмкін тауарларды, еркін қойма кедендік рәсіміне орналастыру жағдайларындакедендік операцияларды жасау ерекшеліктері


2. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларға Кодекстің 294-бабының 1-тармағында көзделген операцияларды орындауға жол беріледі.

3. Осы Ерекшеліктердің 2-тармағында көрсетілген жағдайларда осындай тауарларды өткізу декларациялау жүргізілген мемлекеттік кірістер органының рұқсатымен жүзеге асырылады.

Еркін қоймалар арасында тауарларды өткізуге мемлекеттік кірістер органының рұқсатын алу үшін еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанты болып табылатын тұлға мемлекеттік кірістер органына, мемлекеттік кірістер органымен қолданылатын электрондық жүйеде электронды түрде өтініш береді.

4. Мемлекеттік кірістер органына және декларант болып табылатын тұлғаға байланысты емес мән-жайлар бойынша мемлекеттік кірістер органымен қолданылатын электрондық жүйеде электронды түрде өтініш беру мүмкіндігі болмаған кезде өтініш беру екі данада қағаз түрінде, еркін нысанда мынадай мәліметтерді көрсете отырып беріледі:

1) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған ( алынған) тауарларды қоспағанда,тауарларға арналған декларация нөмірі туралы;

2) тауарлардың атауы туралы;

3) тауарлардың мәртебесі туралы;

4) тауарлардың мөлшері (көлемі) туралы;

5) кедендік құны туралы;

6) осындай өткізудің себебі туралы;

7) тауарларды өткізу тәсілі туралы;

8) тауарларды ауыстыру жоспарланған еркін қойманың атауы және орналасқан жері туралы.

5. Қағаз тасымалдағышында берілген өтініш еркін қойма басшысының қолы және мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органында тіркелуге және тіркелгеннен кейін келесі күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

6. Қағаз тасымалдағышында берілген Өтінішті оң қараған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы Өтініштің оң жақ бетінің төменгі бөлігіне ( немесе артқы жағына) тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) және лауазымы көрсете отырып, қолын қойып және жеке нөмірлі мөрімен куәландыра отырып, "еркін қойма аумағынан тауарларды әкетуге рұқсат беріледі" деген жазбаны жазады.

7. Еркін қоймалар арасында тауарларды өткізуге теріс шешім, мынадай себептер болған:

1) еркін қойма иесінен басқа, өзге тұлға Өтініш берген;

2) Өтінiште осы Ерекшеліктің 4-тармағында белгіленген барлық мәліметтер көрсетілмеген;

3) Өтінішке декларант қолын қоймаған және (немесе) мөрімен куәландырмаған;

4) дұрыс емес мәліметтер көрсетілген;

5) еркін қоймалардың бірінің қызметі тоқтатылған;

6) еркін қоймалардың бірі тізілімнен шығарылған;

7) осы Ерекшеліктің 2-тармағында көзделмеген жағдайда қабылданады.

8. Қағаз тасымалдағышында берілген Өтініш бойынша теріс шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы Өтініштің оң жақ бетінің төменгі бөлігіне (немесе артқы жағына) тегін, атын және әкесінің атын (ол болған кезде ) және лауазымын көрсете отырып, қолын қойып және жеке нөмірлі мөрімен куәландыра отырып, міндетті түрде осындай бас тартудың себебін көрсете отырып, " тауарларды әкетуге тыйым салынған" деген жазбаны жазады.

Бір данасы декларантқа ұсынылады. Өтініштің екінші данасы тиісті белгілерімен мемлекеттік кірістер органында сақталады.

Мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы теріс шешім қабылдағаннан кейін, қойма иесінің өтінішін қарау кезінде бас тарту үшін себеп болған деректерді және (немесе) мәліметтерді түзеткен жағдайда, кез-келген мерзімде қайтадан өтініш беруге рұқсат етіледі.

9. Электронды түрде берілген Өтініш мемлекеттік кірістер органы қолданатын электрондық жүйемен тіркеледі.

10. Электронды түрде берілген Өтініш оң қаралған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы мемлекеттік кірістер органының электронды жүйесінде тиісті жолдарды толтырады, қортындысы бойынша Өтініш автоматты түрде декларантқа жолданады.

11. Электронды түрде берілген Өтініш бойынша теріс шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы мемлекеттік кірістер органының электронды жүйесінде тиісті жолдарды толтырады, қортындысы бойынша Өтініш автоматты түрде декларантқа жолданады.

## 3-тарау. Кедендік бақылауды жүргізу ерекшеліктері

12. Осындай тауарлардың декларанты болып табылатын, иесі заңды тұлға болып табылатын бірнеше еркін қойманың аумағында болуы және орналасуы мүмкін, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды өткізу кезінде Өтініш берілген және оң шешім қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызмет аймағында басқа еркін қойма орналасқан басқа мемлекеттік кірістер органына осындай өткізу туралы тиісті ақпаратты бес жұмыс күні ішінде жолдайды.

13. Осы Ерекшеліктердің 12-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін мемлекеттік кірістер органы осындай тауарларды бақылауға қабылдайды.

Өткізілген тауарларға қатысты жасалатын операциялар, сондай-ақ тауарлардың жай-күйінің өзгеруі туралы ақпарат осындай өткізуге рұқсат берген мемлекеттік кірістер органына жолданады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
4-қосымша

## Тауарларды сақтау бойынша операцияларды, тиеу (түсіру) бойынша операцияларды және сақтауға байланысты өзге де жүк операцияларын, тауарларды сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларды, сондай-ақ партияларға бөлуді, жөнелтуді қалыптастыруды, сұрыптауды, орауды, қайта орауды, таңбалауды қоса, тауарларды тасымалдауға (тасуға) және сатуға дайындау бойынша әдеттегі операцияларды, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды орындау мақсатында оларға жабдықтардың, машиналардың және агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің қолдану (пайдалану) еркін қойма иелерінен өзге тұлғалардың тауар сапасын жақсарту бойынша операцияларды, және еркін қойманың жұмыс істеуі мен пайдаланумен байланысты де басқа операцияларды жасау қағидалары мен шарттары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарларды сақтау бойынша операцияларды, тиеу (түсіру) бойынша операцияларды және сақтауға байланысты өзге де жүк операцияларын, тауарларды сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларды, сондай-ақ партияларға бөлуді, жөнелтуді қалыптастыруды, сұрыптауды, орауды, қайта орауды, таңбалауды қоса, тауарларды тасымалдауға (тасуға) және сатуға дайындау бойынша әдеттегі операцияларды, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды орындау мақсатында оларға жабдықтардың, машиналардың және агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің қолдану (пайдалану) еркін қойма иелерінен өзге тұлғалардың тауар сапасын жақсарту бойынша операцияларды, және еркін қойманың жұмыс істеуі мен пайдаланумен байланысты де басқа операцияларды жасау қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 294-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және тауарларды сақтау бойынша операцияларды, тиеу (түсіру) бойынша операцияларды және сақтауға байланысты өзге де жүк операцияларын, тауарларды сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларды, сондай-ақ партияларға бөлуді, жөнелтуді қалыптастыруды, сұрыптауды, орауды, қайта орауды, таңбалауды қоса, тауарларды тасымалдауға (тасуға) және сатуға дайындау бойынша әдеттегі операцияларды, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды орындау мақсатында оларға жабдықтардың, машиналардың және агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің қолдану (пайдалану) еркін қойма иелерінен өзге тұлғалардың тауар сапасын жақсарту бойынша операцияларды, және еркін қойманың жұмыс істеуі мен пайдаланумен байланысты де басқа операцияларды жасау шарттары мен тәртібін айқындайды.

## 2-тарау. Тауарларды сақтау бойынша операцияларды, тиеу (түсіру) бойынша операцияларды және сақтауға байланысты өзге де жүк операцияларын, тауарларды сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларды, сондай-ақ партияларға бөлуді, жөнелтуді қалыптастыруды, сұрыптауды, орауды, қайта орауды, таңбалауды қоса, тауарларды тасымалдауға (тасуға) және сатуға дайындау бойынша әдеттегі операцияларды, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды орындау мақсатында оларға жабдықтардың, машиналардың және агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің қолдану (пайдалану) еркін қойма иелерінен өзге тұлғалардың тауар сапасын жақсарту бойынша операцияларды, және еркін қойманың жұмыс істеуі мен пайдаланумен байланысты де басқа операцияларды жасау тәртібі

2. Еркін қойма иелерімен өзге тұлғалар қызмет көрсетуге тиісті шарттар жасасқан жағдайда, Кодекстің 294-бабының 1-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген еркін қойма иелерінен өзге тұлғалардың операцияларды жасауына жол беріледі.

Осындай шарттар еркін қойма иелері мен өзге тұлғалар арасында бір жылдан аспайтын мерзімге жасалуы тиіс.

3. Осы Қағиданың 2-тармағында айқындалған, еркін қойманың иесі куәландырған шарттың көшірмесі мемлекеттік кірістер органының сұрау салуы бойынша оған ұсынылады.

4. Кодекстің 294-бабының 1-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында белгіленген операцияларды жүзеге асыру мақсатында кедендік бақылау аймағы болып табылатын, еркін қойма аумағына өзге тұлғаларды кіргізу Кодекстің 404-бабының негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
5-қосымша

## Мемлекеттік кірістер органдарымен еркін қойма аумағынан еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды әкетуге рұқсат беру қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарымен еркін қойма аумағынан еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды әкетуге рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 294-бабы 6-тармағына сәйкес әзірленген және мемлекеттік кірістер органдарымен еркін қойма аумағынан еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды әкетуге рұқсат беру тәртібін айқындайды.

## 2-тарау. Тауарларды әкетуге рұқсат беру тәртібі

2. Еркін қойма кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай еркін қойма аумағынан тауарларды әкетуге мемлекеттік кірістер органының рұқсатын алу үшін еркін қойманың иесі электронды түрде өтініш береді.

3. Мемлекеттік кірістер органына және декларант болып табылатын тұлғаға байланысты емес мән-жайлар бойынша электронды түрде өтініш беру мүмкіндігі болмаған кезде Өтініш екі данада қағаз түрінде, еркін нысанда мынадай мәліметтерді:

1) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған ( алынған) тауарларды қоспағанда, тауарларға арналған декларация нөмірін;

2) тауарлардың атауын;

3) тауарлардың мәртебесін;

4) тауарлардың мөлшерін (көлемін);

5) кедендік құнын;

6) осындай әкетудің себебін;

7) тауарлармен жүргізілетін операцияларды;

8) тауарларды әкету жоспарланған орынды (мекенжайын);

9) тауарларды әкету мерзімін көрсете отырып беріледі.

4. Қағаз тасымалдағышында берілген Өтініш еркін қойманың басшысы қолымен және мөрімен(ол болған кезде) куәландырады, сондай-ақ мемлекеттік кірістер орғанында тіркелуге және үш жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

5. Қағаз тасымалдағышында берілген Өтінішті оң қараған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы Өтініштің оң жақ бетінің төменгі бөлігіне ( немесе артқы жағына) тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) және лауазымы көрсете отырып, қолын қойып және жеке нөмірлі мөрімен куәландыра отырып, " әкетуге рұқсат беріледі" деген жазбаны жазады.

6. Еркін қойма аумағынан тауарларды әкетуге теріс шешім, мынадай себептер болған:

1) еркін қойма иесінен басқа, өзге тұлға Өтініш берген;

2) Өтініште осы Қағиданың 3-тармағында белгіленген барлық мәліметтер көрсетілмеген;

3) Өтінішке еркін қойманың басшысы қолын қоймаған және (немесе) мөрімен (ол болған кезде)куәландырмаған;

4) дұрыс емес мәліметтер көрсетілген;

5) еркін қойманың қызметі тоқтатылған;

6) еркін қойма тізілімнен шығарылған кезде;

7) Кодекстің 294-бабының 6-тармағында көзделмеген жағдайда қабылданады.

7. Қағаз тасымалдағышында берілген Өтінішті карауда теріс шешім қабылданған жағдайда, мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы Өтініштің оң жақ бетінің төменгі бөлігіне (немесе артқы жағына) тегін, атын және әкесінің атын (ол болған кезде) және лауазымын көрсете отырып, қолын қойып және жеке нөмірлі

мөрімен куәландыра отырып, осындай бас тартудың себебін міндетті түрде көрсетіп, " әкетуге тыйым салынады" деген жазбаны жазады.

Бір данасы декларантқа беріледі. Өтініштің екінші данасы тиісті белгілерімен мемлекеттік кірістер органында сақталады.

Мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы теріс шешім қабылдағаннан кейін, қойма иесінің өтінішін қарау кезінде бас тарту үшін себеп болған деректерді және (немесе) мәліметтерді түзеткен жағдайда, кез-келген мерзімде қайтадан өтініш беруге рұқсат етіледі.

8. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды әкетуге еркін қойма иесінің өтінішінде белгіленген мерзімде рұқсат етіледі.

9. Электронды түрде берілген Өтініш мемлекеттік кірістер органы қолданатын жүйеде тіркеледі және үш жұмыс күні ішінде қаралады.

10. Электронды түрде берілген Өтініш оң қаралған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы мемлекеттік кірістер органының электронды жүйесінде тиісті жолдарды толтырады, қортындысы бойынша Өтініш автоматты түрде декларантқа жолданады.

11. Электронды түрде берілген Өтініш бойынша теріс шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы мемлекеттік кірістер органының электронды жүйесінде тиісті жолдарды толтырады, қортындысы бойынша Өтініш автоматты түрде декларантқа жолданады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
6-қосымша

# Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған ( алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 295-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылатын ( орналастырылған) шетелдік тауарларды еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

## 2-тарау. Шетелдік тауарларды сәйкестендіру тәртібі

2. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) тауарларды қайта өңдеу өнімдерінде осындай рәсімнің қолданысын аяқтағанға дейін шетелдік тауарларды сәйкестендіру мақсатында декларант осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз немесе электронды түрде, мемлекеттік кірістер органына еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылатын ( орналастырылған) тауарларды қайта өңдеу өнімдерінде сәйкестендіру туралы өтінішті ( бұдан әрі – Өтініш) береді.

3. Өтінішті беру кезінде мынадай:

1) тұлғаның толық атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы, телефоны;

2) тауардың атауы туралы;

3) қайта өңдеу өнімінде пайдаланылған тауарлардың (шикізаттың, материалдардың, құрамдауыштардың) Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметі Тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) коды туралы;

4) Кодекстің 295-бабының 1-тармағында көрсетілген шетелдік тауарларды сәйкестендіру тәсілі туралы;

5) тауардың (қайта өңдеу өнімінің) толық атауы: түрі, типі, моделі, маркасы, бренд туралы;

6) қайта өңдеу кезінде тауарлармен жасалған операциялардың түрі туралы;

7) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды сәйкестендіруді жүргізетін өзге мәліметтер;

8) Өтініште көрсетілген мәліметтерді растауға арналған құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

4. Қайта өңдеу өнімінің әрбір түріне Өтініші жеке-жеке беріледі.

5. Берілген өтініш мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасымен өтініш еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарларды сәйкестендіру туралы өтініштерді тіркеу журналында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта өңдеу өнімдерінде дереу тіркеуге жатады.

6. Еркін қойма кедендік рәсімі аяқталған кезде нысаны Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы "кедендік декларацияларды толтыру нұсқаулықтары және кедендік декларациялардың нысандары туралы" № 257 шешімімен бекітілген тауарларға арналған декларацияның 44-бағанында (08999 кодымен) өтінішті тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7. Өтініш бойынша декларант жүргізетін тауарларды сәйкестендірудің дұрыстығын кедендік бақылау Кодекстің 47, 51-тарауларына сәйкес жүзеге асырылады.

Еркін қойма кедендік рәсімімен
орналастырылған шетелдік

тауарларды еркін қойма<br>кедендік рәсімімен<br>орналастырылған шетелдік<br>тауарлардан дайындалған<br>(алынған) тауарларда<br>сәйкестендіруді жүзеге<br>асыру қағидасына<br>1-қосымша

нысан

_________________________ не<br>(мемлекеттік кірістер<br>органының атауы)<br>________________________ ден<br>(өтініш беруші)<br>БСН________________________<br>мекен-жайы _________________<br>телефон ____________________

**Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды қайта өңдеу өнімдерінде сәйкестендіру туралы өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 25.09.2019 № 1049 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ ____________________ 20__ жылғы "___"______<br>(өтініштің тіркеу нөмірі) (өтініш берілген күн)

Сізден еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарларды мынадай дайын қайта өңдеу өнімдері бойынша сәйкестендіру жүргізуге рұқсат беруді сұраймын:

1) тауардың атауы ___________________________________________________;

2) ЕАЭО СЭҚ ТН коды (шикізат материалдары, құрамдауыштар)______;

3) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 295-бабының 1-тармағына сәйкес сәйкестендіру тәсілі;

4) тауардың (қайта өңдеу өнімінің) толық атауы: түрі, типі, моделі, маркасы, бренді туралы ____________________________________________________;

5) қайта өңдеу кезінде тауарлармен жасалған операция түрлері _________;

6) еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарларды сәйкестендіру бойынша өзге де мәліметтер ______________________________ _____________________________________________;

7) таңдалған сәйкестендіру тәсілі бойынша қайта өңдеу өнімінде шетелдік тауарларды сәйкестендіруді растайтын құжаттар тізбесі ______________________________ _____________________________________________;

Осымен жоғарыда көрсетілген мәліметтер мен деректердің дұрыстығын растаймын.

_________________________________________ ___________________

Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасының тегі, аты, Қолы
әкесінің аты (ол болған кезде)

_________________________________________ ___________________

Тегі, аты,әкесінің аты (ол болған кезде) Мемлекеттік кірістер органы
қолы мөр орны

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ;

СЭҚ ТН – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы.

Еркін қойма кедендік рәсімімен
орналастырылған шетелдік
тауарларды еркін қойма
кедендік рәсімімен
орналастырылған шетелдік
тауарлардан дайындалған
(алынған) тауарларда
сәйкестендіруді жүзеге асыру
қағидасына
2-қосымша
нысан

## Қайта өңдеу өнімдерінде еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылатын ( орналастырылған) шетелдік тауарларды сәйкестендіру туралы өтініштерді тіркеу журналы

| р/с № | Тіркеу нөмірі | Өтініш беруші | БСН | Тауардың (қайта өңдеу өнімінің) атауы | Сәйкестендіру тәсілі | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Ескертпе. * Журнал тігіледі, нөмірленеді, мемлекеттік кірістер органы басшысының не оны алмастыратын адамның қолымен бекітіледі және мемлекеттік кірістер органы мөрінің таңбасымен куәландырылады. Әрбір келесі жылдың бірінші қаңтарынан бастап Журналды нөмірлеу бір санынан басталады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
7-қосымша
нысан

## Тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен* жою № _____АКТ

"___"_____________20___жылы

(жасалған күні)

______________________________________________________________________________

(тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою орны)

____________________________________________________________құрылған Комиссия Мемлекеттік кірістер органы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) 20___ж. "____"______№ _____ бұйрығының негізінде құрамында: ______________________________

Мемлекеттік кірістер органның лауазымды адамы________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, қолы, жеке нөмірлі мөрі көрсетіледі)

Еркін қойма кедендік рәсімін мәлімдеген тұлға:_____________________________________________

______________________________________________________________________________

(қолы, жұмыс орны, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

______________________________________________________________________ қатысуымен

(жою кезінде қатысқан өзге тұлғалардың, оның ішінде тауардың иесінің

______________________________________________________________________________

(қолы, жұмыс орны, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жойылған тауарлардың атауы, өлшем бірлігіндегі олардың мөлшері:

| р/с№ | Тауардың атауы | ЕАЭО СЭҚ ТН коды | Әрбір тауардың (негізгі және қосымша өлшем бірлігіндегі) мөлшері |
|---|---|---|---|
| | | | |

тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою тәсілі:

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

Тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою барасында

______________________________________________________________________ жүргізілді;

(фотоға түсіру және бейне жазба)

Өзге мәліметтер:

Қалдықтардың болуы және мөлшері:________________________________________________;

(қалдықтардың сипаттамасы)

Әр тауар бойынша көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе жоюдан кейін қалдықтарды одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы мәліметтер:

_______________________________________________________________;

өзге мәліметтер:_______________________________________________________________

Осы акт 3 данада жасалды.

Комиссия мүшелері:

1. ______________________________________________________________ ___________

2. ______________________________________________________________ ___________

3. ______________________________________________________________ ___________

(комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы) (қолы)

Акттің екінші данасын қолға алдым

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) ______________________________________

(қолы) (күні)

Акттің үшінші данасын қолға алдым

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) ______________________________________

(декларанттың қолы) (күні)

Ескертпе*: тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою акті барлық комиссия мүшелері жіне қатысқан тұлғалардың қолдарымен куәландырылып, үш данада рәсімделеді: бірінші дана кеден органында сақталады; екінші дана қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне беріледі; үшінші дана декларантта қалады.

Еркін қойма кеден рәсімімен орналастырылған тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою актілерін тіркеу журналының нысаны, тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою актіне қосымшада берілген.

Тауарларды көму,
залалсыздандыру, кәдеге жарату

немесе өзге де тәсілмен
жою актіне
Қосымша
Нысан

## Еркін қойма кеден рәсімімен орналастырылған тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою актілерін тіркеу журналы*

| Тіркеу № | Алдыңғы құжат (тауарға декларацияның) | Көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою тәсілі | Тауардың атауы | Саны | Килограммдағы салмағы | Құны | Тауар мәртебесі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

Ескертпе. * Журнал тігіледі, нөмірленеді, мемлекеттік кірістер органы басшысының не оны алмастыратын адамның қолымен бекітіледі және мемлекеттік кірістер органы мөрінің таңбасымен куәландырылады. Әрбір келесі жылдың бірінші қаңтарынан бастап Журналды нөмірлеу бір санынан басталады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
8-қосымша

## Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды авариялар немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жою және (немесе) қайтарымсыз жоғалу немесе тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалу фактісін мемлекеттік кірістер органдарымен тану, және осындай жағдайда еркін қойма кедендік рәсімін қолдануын аяқтау қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды авариялар немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жою және (немесе) қайтарымсыз жоғалу немесе тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалу фактісін мемлекеттік кірістер органдарымен тану, және осындай жағдайда еркін қойма кедендік рәсімін қолдануын аяқтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің ( бұдан әрі – Кодекс) 296-бабының 7-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген

және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды авариялар немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жою және (немесе) қайтарымсыз жоғалу немесе тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалу фактісін мемлекеттік кірістер органдарымен тану, және осындай жағдайда еркін қойма кедендік рәсімін қолдануын аяқтау тәртібін айқындайды.

## 2-тарау. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды авариялар немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жою және (немесе) қайтарымсыз жоғалу немесе тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалу фактісін мемлекеттік кірістер органдарымен тану, және осындай жағдайда еркін қойма кедендік рәсімін қолдануын аяқтау тәртібі

2. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды авариялар немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жою және (немесе) қайтарымсыз жоғалу немесе тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалу фактісін мемлекеттік кірістер органдарымен тану, және осындай жағдайда еркін қойма кедендік рәсімін қолдануын аяқтау осы Қағидалардың 3-тармағымен көзделген, өтініш пен мәліметтерді ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

3. Авариялар салдарларынан немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылған және ( немесе) қайтарымсыз жоғалған не тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалған тауарларға қатысты еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысы тауарларды өзге кедендік рәсіммен орналастырмай, мынадай шарттар сақталған кезде:

тауарларды жою және (немесе) қайтарымсыз жоғалту фактісін растайтын уәкілетті органның құжатын және (немесе) сарапшының қортындысын қоса бере отырып, көрсетілген кедендік рәсіммен тауарларды орналастыру жүргізілген мемлекеттік кірістер органдарына еркін қойма иесінің жазбаша өтініші негізінде;

тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалғаны туралы құжаттарды (технологиялық процес) қоса бере отырып, көрсетілген кедендік рәсіммен тауарларды орналастыру жүргізілген мемлекеттік кірістер органдарына еркін қойма иесінің жазбаша өтініші негізінде аяқталады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
9-қосымша

## Еркін қойма аумағында қолданылатын жабдықтарды, машиналар мен агрегаттарды ұстау және пайдалану өндірістік процесін қамтамасыз ету тауарларды дайындау (алу) процесінде қайтарымсыз жоғалған, тауарларды дайындауға (алуға) қатысатын немесе жәрдем ететін еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды (өндірістік шығын) толық немесе ішінара шығындау (пайдалану), сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерін салу мақсатында еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін қойма аумағында қолданылатын жабдықтарды, машиналар мен агрегаттарды ұстау және пайдалану өндірістік процесін қамтамасыз ету тауарларды дайындау (алу) процесінде қайтарымсыз жоғалған, тауарларды дайындауға (алуға) қатысатын немесе жәрдем ететін еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды (өндірістік шығын) толық немесе ішінара шығындау (пайдалану), сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерін салу мақсатында еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 296-бабы 7-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және еркін қойма аумағында қолданылатын жабдықтарды, машиналар мен агрегаттарды ұстау және пайдалану өндірістік процесін қамтамасыз ету тауарларды дайындау (алу) процесінде қайтарымсыз жоғалған, тауарларды дайындауға (алуға) қатысатын немесе жәрдем ететін еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды (өндірістік шығын) толық немесе ішінара шығындау (пайдалану), сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерін салу мақсатында еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау тәртібін айқындайды.

### 2-тарау. Еркін қойма аумағында қолданылатын жабдықтарды, машиналар мен агрегаттарды ұстау және пайдалану өндірістік процесін қамтамасыз ету тауарларды дайындау (алу) процесінде қайтарымсыз жоғалған, тауарларды дайындауға (алуға) қатысатын немесе жәрдем ететін еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды (өндірістік шығын) толық немесе ішінара шығындау (пайдалану), сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерін салу мақсатында еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау тәртібі

2. Осы Қағидалармен бекітілген еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау мақсатында еркін қойманың иесі тауарлар бірлігіне (партиясына немесе белгілі

мөлшеріне) жұмсалған тауарлардың және жұмсалатын тауарлардың мөлшерін көрсете отырып, технологиялық және өзге құжаттамаларды (технологиялық схеманы) қоса бере отырып өтініш береді.

3. Еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтауға мемлекеттік кірістер органының рұқсатын алу үшін еркін қойманың иесі еркін нысанда, екі данада мынадай мәліметтерді:

1) тауарларға арналған декларация нөмірі;

2) тауарлардың атауы;

3) тауарлардың мәртебесі;

4) тауарлардың мөлшері (көлемі);

5) кедендік құны;

6) тауарларды толық немесе ішінара жұмсау (тұтыну) жүргізілген операциялар;

7) тауарларды толық немесе ішінара жұмсау (тұтыну) нормасын көрсете отырып қағаз тасымалдағышында өтініш береді.

4. Қағаз тасымалдағышында берілген Өтініш еркін қойма басшының қолы қойымен және иесінің мөрімен куәландырылады, сондай-ақ мемлекеттік кірістер орғанында тіркелуге және оны тіркеуден кейін келесі күннен бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

5. Қағаз тасымалдағышында берілген Өтінішті оң қараған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы Өтініштің оң жақ бетінің төменгі бөлігіне ( немесе артқы жағына) тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) және мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасының лауазымын көрсете отырып, қолын қойып және жеке нөмірлі мөрімен куәландыра отырып, "№__ ТД бойынша еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысы аяқталды" деген жазбаны жазады.

6. Еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау бойынша теріс шешім қабылдау, мынадай себептер бойынша:

1) еркін қойма иесінен басқа, өзге тұлға Өтініш берген;

2) Өтініште осы Қағидалардың 3-тармағында белгіленген барлық мәліметтер көрсетілмеген;

3) Өтінішке декларант қолын қоймаған және (немесе) мөрімен куәландырмаған;

4) дұрыс емес мәліметтер анықталған кезде жүзеге асырылады.

7. Қағаз тасымалдағышында берілген Өтінішті қарауда теріс шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы Өтініштің оң жақ бетінің төменгі бөлігіне (немесе артқы жағына) тегін, атын және әкесінің атыні (ол болған кезде) және лауазымын көрсете отырып, қолын қойып және жеке нөмірлі мөрімен куәландыра отырып, осындай бас тартудың себебін міндетті түрде көрсетіп "еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтауда бас тартылды" деген жазбаны жазады.

Мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы теріс шешім қабылдағаннан кейін, қойма иесінің өтінішін қарау кезінде бас тарту үшін себеп болған деректерді

және (немесе) мәліметтерді түзеткен жағдайда, кез-келген мерзімде қайтадан өтініш беруге рұқсат етіледі.

8. Бір данасы декларантқа ұсынылады. Өтініштің екінші данасы тиісті белгілерімен мемлекеттік кірістер органында сақталады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
10-қосымша

# Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған және пайдалануға енгізілген және еркін қойма иелері қолданатын жабдықтар болып табылатын тауарларға немесе еркін қойма аумағында жылжымайтын объектілерді құру үшінеркін қойма иелері қолданған және осындай жылжымайтын объектілердің құрамдас бөлігі болып табылатын тауарларға қатысты, еркін қойма жұмыс істеуін тоқтатқан кезде кедендік рәсіммен осындай тауарларды орналастырмай, еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған және пайдалануға енгізілген және еркін қойма иелері қолданатын жабдықтар болып табылатын тауарларға немесе еркін қойма аумағында жылжымайтын объектілерді құру үшін еркін қойма иелері қолданған және осындай жылжымайтын объектілердің құрамдас бөлігі болып табылатын тауарларға қатысты, кедендік рәсіммен осындай тауарларды орналастырмай, еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қағидалары " Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 296-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленген және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған және пайдалануға енгізілген және еркін қойма иелері қолданатын жабдықтар болып табылатын тауарларға немесе еркін қойма аумағында жылжымайтын объектілерді құру үшін еркін қойма иелері қолданған және осындай жылжымайтын объектілердің құрамдас бөлігі болып табылатын тауарларға қатысты, кедендік рәсіммен осындай тауарларды орналастырмай, еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау тәртібін анықтайды.

## 2-тарау. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған және пайдалануға енгізілген және еркін қойма иелері қолданатын жабдықтар болып табылатын тауарларға немесе еркін қойма аумағында жылжымайтын объектілерді құру үшін еркін қойма иелері қолданған және осындай жылжымайтын объектілердің

## құрамдас бөлігі болып табылатын рәсіммен осындай тауарларды орналастырмай, еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау тәртібі

2. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған және пайдалануға енгізілген және еркін қойма иелері қолданатын жабдықтар болып табылатын тауарларға немесе еркін қойма аумағында жылжымайтын объектілерді құру үшін еркін қойма иелері қолданған және осындай жылжымайтын объектілердің құрамдас бөлігі болып табылатын тауарларға қатысты еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау осындай тауарларды кедендік рәсіммен орналастырмай жүргізіледі.

3. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясы қол қойған пайдалануға беру актісі және (немесе) кәсіпорынның теңгерімінде тұрған жабдықтар туралы бухгалтерлік анықтама болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.01.2020 № 80 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
11-қосымша

## Еркін қойма иесі таратылған кезде еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қағидалары

1. Осы Еркін қойма иесі таратылған кезде еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қағидалары "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы " 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 296-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленген және еркін қойма иесі таратылған кезде еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау тәртібін анықтайды.

2. Еркін қойма иесі таратылған кезде еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысы, транзит кедендік рәсімін қоспағанда, Кодекстің 207-бабында көзделген кедендік рәсімімен орналастырумен аяқталады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 382 бұйрығына
12-қосымша

## Еркін қойма аумағында, осындай аумаққа тұлғалардың кіру тәртібін анықтауды қоса, өткізу-бақылау режимін қамтамасыз ету қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін қойма аумағында, осындай аумаққа тұлғалардың кіру тәртібін анықтауды қоса, өткізу-бақылау режимін қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 516-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленген және еркін қойма аумағында, осындай аумаққа тұлғалардың кіру тәртібін анықтауды қоса, өткізу-бақылау режимін қамтамасыз ету тәртібін анықтайды.

## 2-тарау. Еркін қойма аумағында өткізу-бақылау режимін қамтамасыз ету тәртібі

2. Осы Қағида шегінде кедендік бақылау мақсаттары үшін өткізу-бақылау пункті ( бұдан әрі – ӨБП) еркін қойма аумағында және (немесе) оның шегінен тыс орналасқан ( орналасқан) және еркін қойма аумағына қатысты өткізу-бақылау пункті (пункттері) түсініледі.

3. Еркін қойма иесі ӨБП өзі анықтайды.

4. ӨБП шлагбаумдармен (қақпалармен) және (немесе) тауарлар мен көлік құралдарының қозғалысын тұйықтау құрылғылармен жабдықталуы мүмкін.

## 3-тарау. Еркін қойма аумағына адамдардың кіру тәртібі

5. Еркін қойма аумағына тұлғалардың кіруі қамтамасыз етіледі:

1) кедендік бақылау аймағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тиісті бақылаушы органдарының лауазымды тұлғалары үшін қызметтік куәлігін көрсеткен кезде, тұрақты рұқсатнама бойынша;

2) құқық қорғау немесе арнайы органдардың лауазымды тұлғалары үшін қаулы бойынша;

3) лауазымдық міндеттері аталған тұлғалардың еркін қойма аумағында тікелей болуымен байланысты, және де лауазымдық міндеттері еркін қойма аумағы арқылы өтумен тікелей байланысты, еркін қойма аумағында қызметін жүзеге асыратын тұлғалар үшін еркін қойманың иесінің рұқсатнамасы бойынша;

4) лауазымдық міндеттерін орындау мақсатында, еркін қойма аумағына қысқа уақытқа осы тұлғалардың келуімен байланысты, еркін қойма аумағында қызметін жүзеге асыратын тұлғалар үшін еркін қойманың иесінің уақытша рұқсатнамасы бойынша;

5) өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары үшін қызметтік куәлік бойынша жүзеге асырылады.

6. Еркін қойманың иесі мемлекеттік кірістер органына еркін қойма аумағына оларды кіргізуге осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзінің штатындағы қызметшілердің тізімін жолдайды.

7. Еркін қойма аумағына кіру үшін жеке тұлғалардың, осы тұлғалардың еркін қойма аумағында болуымен тікелей байланысты бір реттік немесе қысқа уақыт болуы үшін уақытша рұқсатнама еркін қойма иесімен ресімделеді.

Сұрау салу бойынша берілген уақытша рұқсатнама жөніндегі ақпарат мемлекеттік кірістер органына жолданады.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, еркін қойма аумағында адамның өмірін құтқаруды және денсаулығын сақтауды жүзеге асыру, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше оқиғаларды және олардың салдарын жою үшін медициналық қызмет және өзге қызмет қызметшілерін кіргізу рұқсатнаманы ресімдемей жүзеге асырылады.

Еркін қойма аумағында,
осындай аумаққа тұлғалардың
кіру тәртібін анықтауды қоса,
өткізу-бақылау режимін
қамтамасыз ету қағидасына
Қосымша
нысан

## Еркін қойма штатындағы жұмысшылар тізімі

_______________________________________ "___" _______ 201__ жылы

Еркін қойма иесінің атауы

| р/с № | Еркін қойма аумағында қызметін жүзеге асыратын тұлғаның штатындағы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) | Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні | Жеке тұлғаның жұмысқа қабылданғанын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні | Өзге де мәліметтер |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)_________________________ __________ _________

(басшының қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК